

АНДАТПА

Муса Назерке Молжанқызының «Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстардың БАҚ-тағы көрінісі: Қазақстан мысалында» атты PhD (философия докторы) дәрежесін алу үшін «8D03203 – Халықаралық журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған диссертациялық жұмысына әзірленген.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл ғылыми жұмыс Қазақстандағы қақтығыстардың Бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жариялау ерекшеліктерін және аудиторияға ақпараттың әсер ету ықпалын зерттейді. Бұл, әсіресе, әртүрлі ұлт өкілдері тоғысқан Қазақстан сияқты көпұлтты ел үшін өзекті. Автор әртүрлі қақтығыс жағдайында қазақстандық БАҚ қалай ақпарат тарататынын анықтап, шетелдік медианың хабар тарату тәсілдерімен салыстырып, журналистердің жұмыс істеу тенденциялары мен ерекшеліктерін айқындайды.

Жұмыстың өзектілігі. Қазақстандағы қақтығыс тақырыбы қақтығыс ретінде көп жағдайда анықтала бермейді және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті деңгейде бұл тақырып қозғалмайды. Осы ретте бұл ғылыми жұмыста қақтығыс тақырыптарының БАҚ-та жазылу ерекшеліктері мен қиындықтары жазылады. Қақтығысты хабарлаудағы әлеуметтік желі функциясы, соның ішінде көпшілік арасында қауіпсіз хат және ақпарат алмасу алаңы ретінде танылған Telegram арнасының тәуелсіз бұқаралық ақпарат құрал ретіндегі талданады. Зерттеу Қазақстандағы қақтығыс тақырыбының БАҚ-тағы көрінісін жан-жақты және объективті түрде түсіндіруді қамтамасыз ету мақсатында маңызды.

Сонымен қатар, Қазақстандағы қақтығыстарды жариялаудың ерекшелігі ақпаратқа қолжетімділіктің шектелуі және мемлекеттік және жеке медиа тарапынан қоғамдық пікірге әсер етуімен байланысты. Журналистер цензура, билік тарапынан қысым көрсету және редакциялық стандарттарды сақтау қажеттілігі сияқты мәселелермен бетпе-бет келеді, бұл объективті әрі бейтарап материалдар дайындау процесін қиындатады. Осы орайда медиа қолданатын құралдар мен стратегияларды зерттеу, осы кедергілерен өтіп, сенімді ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету өте өзекті болып отыр.

Зерттеу аясында журналистер үшін халықаралық стандарттарға негізделген қақтығыстарды жариялау жөнінде практикалық ұсыныстар мен мысалдар келтірілген нұсқаулық әзірленді. Нұсқаулық тараптардың көзқарастарын теңестіру, араздық тудыратын сөздер мен шиеленісті күшейтетін акценттерден аулақ болу қажеттілігі сияқты негізгі принциптерді қамтиды. Әлемдік тәжірибеден алынған кейстерді енгізу журналистерге қақтығыс жайлы ақпаратты дұрыс жариялауды, шиеленісті

ұлғайту қауіптерін азайтып, аудиторияға объективті әрі оқиғаның жан-жақты көрінісін жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстардың БАҚ-та жариялану мәселесі маңызды болғанымен, әлі жеткілікті түрде зерттелмеген бағыт болып отыр. Осы тақырыптағы зерттеулер көбінесе толыққанды емес және медиадағы саясат пен сөз бостандығының кейбір аспектілеріне шоғырланған. Қақтығыстардың медиада көрініс табуын Қазақстанның ерекшеліктерін ескере отырып зерттейтін кешенді талдау жұмыстары әлі де жеткіліксіз болып отыр.

Шетелдік зерттеушілер М. Ларуэлл, Д. Құдайбергенова, П. Сорбелло және Э. Шатц өздерінің ғылыми жұмыстарында қақтығыстар теориясын және оның медиамен байланысын жан-жақты талдайды. Олар ішкі қайшылықтармен қатар, Қазақстанның әлемдік аренадағы рөліне де назар аударады, авторитаризм жағдайында журналистердің оқиғаларды жариялаудағы мәселелерін қарастырады. Бұл зерттеулер қазақстандық БАҚ-тардағы қақтығыстарды жариялау механизмдерін түсіну үшін құнды дереккөздер және осы тақырыпты тереңірек зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Отандық ғалымдар Л. С. Ахметова, Б. Қылышбаева, А. Р. Әліпбаев, М. Сеңгірбай, Д. Түсіпова, Г. Ж. Ибраева, Д. Сатпаев және басқалар әлеуметтік қақтығыстарды және олардың отандық БАҚ-та жариялану ерекшеліктерін зерттеуге елеулі үлес қосты. Олардың еңбектері редакциялық саясат, цензура және қоғамдық пікірдің қақтығыстарды жариялауға әсері сияқты маңызды мәселелерді көтереді. Алайд, жекелеген зерттеулердің болуына қарамастан, теориялық талдау мен журналистер үшін практикалық ұсыныстарды біріктіретін кешенді жұмыстар жоқ.

Зерттеу нысаны ретінде халықаралық Азаттық радиосы, Хабар 24 арнасындағы қақтығыс кілт сөзі арқылы табылған материалдары алынды. Басылымдардың онлайн нұсқасы қолданылды. Сонымен қатар, әлеуметтік желідегі қақтығыс тақырыбының берілуін зерттеу мақсатында Қазақпарат және Orda.kz Телеграм арналары қолданылды. Отандық журналистикада қақтығыс тақырыбының жариялану ерекшеліктерін анықтау мақсатында шетелдік BBC.com және Reuters, Gazeta.ru және RIA Новости секілді ақпарат құралдарына салыстырмалы талдау жасалды.

Ғылыми зерттеу пәні – қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілері және шетелдік басылымдар Қазақстандағы қақтығыс тақырыбын жазуда қандай қиындықтармен бетпе-бет келеді, қандай аспектілерді назарға алатынын анықтау.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – қазақстандық БАҚ-та әлеуметтік қақтығыстарды жариялаудың ерекшеліктерін, оның ішінде журналистер қолданатын ақпарат көздері, жазу стилі, ақпаратты тарату әдіс-тәсілдері және қоғамның қақтығыстарды қабылдау әсерін анықтау және талдау.

Зерттеу міндеттеріне мыналар жатады:

- БАҚ және әлеуметтік қақтығыстар саласындағы зерттеулердің қазіргі жағдайын талдау.
- Қазақстандық БАҚ-тағы қақтығыстардың жариялану форматтарын анықтау.
- Қақтығыс ситуацияларын тарату мен жариялау бойынша практик журналистерден сұхбат алып, маңызды нәтижелерді ұсыну.

Зерттеу ғылыми жаңалығы. Жаһандану процесі және әртүрлі мәдениеттің тоғысуы жағдайында БАҚ-тағы қақтығыстар туралы, әсіресе, этносаралық қақтығыстар туралы ақпарат таратудың ықпалы барған сайын арта түсуде. Оған аудиторияның әлеуметтік желілерге деген қызығушылығы мен сұранысының көбеюі де әсер етіп жатыр. Бұған дейін көптеген зерттеуші БАҚ-тағы қақтығыс тақырыбын қозғағанымен, нақты аспектілер, әсіресе, Қазақстан мысалындағы қақтығыстардың рөлі жеткілікті түрде зерттелмеген еді. Әдетте, мұндай зерттеулер шектеулі және этносаралық контекстке және әлеуметтік желі арқылы ақпарат беру аспектісіндегі ерекшеліктеріне назар аудармайды. Бұл зерттеу әлеуметтік қақтығыстар туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік платформалардың рөлі туралы деректерді алғаш рет жүйелеп, осы маңызды мәселелерге назар аударуымен ерекшеленеді.

Ғылыми зерттеуде Қазақстан тәуелсіздік алған **1991 жылдан бастап 2022 жылға** дейінгі кезеңде болып өткен ірі әлеуметтік қақтығыстар талданады, осы ретте олардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрінісін байқауға мүмкіндік береді. 2022 жылы болған **Қаңтар оқиғасына**, яғни елдің қазіргі тарихындағы ең ірі қақтығысқа ерекше назар аударылады, себебі ол елеулі өзгерістерге: үкіметтің отставкаға кетуіне, мемлекеттік саясатты қайта қарауға және «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын қалыптастыруға әкелген бетбұрысты кезең болды.

Қазақстан көпэтносты және көпмәдениетті мемлекет ретінде этносаралық келісім мен бірлікті сақтау жолында үлкен стратегиялық міндеттерді шешуді көздейді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, диссертация этносаралық қақтығыстарды БАҚ-та бейнелеу механизмдерін зерттеу арқылы медианың рөлін жаңа қырынан түсіндіруге бағытталған. Бұл зерттеу журналистика мен коммуникация саласындағы теориялық және қолданбалы білімнің дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ, Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі этносаралық мәселелерді талдау арқылы қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етуге арналған жаңа әдістемелерді ұсынады.

Аталған нәтижелер бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік процестерге ықпалы туралы теориялық түсінікті кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар журналистер мен редакторларға әлеуметтік қақтығысқа

қатысты мәселелерді этикалық тұрғыда және жауапкершілікпен тарату бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеуге көмектеседі.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

1. Қазақстандық журналистер қақтығыс тақырыбында хабар таратуда өзіне-өзі цензура жасайды, шектейді, редакциялық қысым салдарынан толыққанды бейтарап хабар тарата алмайтын жағдайлар болады.
2. Тәуелсіз және мемлекеттік БАҚ-тың хабар тарату форматында ерекшеліктер бар.
3. БАҚ қақтығыстарды қалай фреймдесе, түсіндірсе, аудитория оны солай қабылдайды.
4. Қақтығыстарды тиімді шешу бұқаралық ақпарат құралдары бұл тақырыпқа жауапкершілікпен және этика тұрғысынан келсе ғана мүмкін болады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі. Тақырыпты ашу үшін негізгі және бастапқы деректер ретінде Қазақстанның ақпараттық агенттіктерінің, шетелдік БАҚ материалдары, сондай-ақ әлеуметтік желілерде таратылатын ақпарат алынды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі жаңалықтар мәтіндері мен материалдарына сапалық және сандық талдау жасалып, фрейм және қақтығыстану теориясының тұжырымдамалары қолданылды. Осы мақсатқа жету үшін жаңалықтар материалдарына тереңдетілген сапалық және сандық талдау жүргізілді. Сонымен қатар, фреймдік талдау әдісі мен қақтығыстану теориясының негізгі қағидаттары негізінде ақпараттың берілу ерекшеліктері қарастырылды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Бұл зерттеудің Қазақстанның медиа кеңістігіндегі әлеуметтік шиеленістерді қамту процестерін теориялық тұрғыдан түсіну үшін маңызы зор. Жұмыста әртүрлі медиа-платформалар қақтығыс тақырыбын қалай хабарлайтынын, сондай-ақ қақтығыс жайлы ақпаратты талдауға қандай теориялық тәсілдер қолдануға болатынын түсінуді жүйелейді.

Зерттеудің практикалық маңызы. Жұмыстың практикалық маңыздылығы журналистер мен БАҚ мамандарына қазақстандық БАҚ-тағы қақтығыс тақырыбын, соның ішінде Telegram арналары сияқты БАҚ-тың жаңа медиа форматтар бойынша нақты ұсыныстар мен стратегияларды ұсынуда жатыр. Зерттеу нәтижелері дезинформация мен манипуляцияның тәуекелдерін төмендету, сондай-ақ елде бар шектеулер жағдайында қақтығыстарды объективтілікке сай жариялау үшін халықаралық стандарттарға сәйкес практикалық тәсілдерді қалыптастыруға көмектеседі. Бұл зерттеу медиасаясат, журналистерді оқыту және медиасауаттылық бойынша білім беру бағдарламалары, соның ішінде журналистика факультеттерінің оқытушылары мен студенттері

үшін арнайы курстар мен материалдарды құру, сондай-ақ отандық журналистикадағы этикалық стандарттарды дамыту үшін де пайдалы болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері. Әлеуметтік қақтығыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетудің негізгі тенденцияларын және олардың қоғамдық пікірге әсері анықталды. Осы ретте нәтижелер аясында қақтығыс жағдайларын БАҚ қалай жазатынын және бұл ақпаратты аудитория қалай қабылдайтынын жақсырақ түсінуге көмектеседі, ал журналистер мен редакторлар үшін журналистер бөліскен тәжірибе мен кеңестер аталған тақырыпта хабар таратуда көмекші құрал бола алады.

Жұмыстың апробациясы. Барлық жүргізілген зерттеулер ғылыми этиканың принциптері мен негізгі нормаларын ескере отырып орындалды. Негізгі теориялық ережелер мен зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті ЮНЕСКО және халықаралық журналистика кафедрасының отырысында талқыланды. CESS халықаралық конференциясында “Қанды Қаңтар” қақтығысының қазақстандық БАҚ-тағы жазылуы” тақырыбындағы баяндама жасалды. Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференцияда “Этинкааралық келісім және журналист рөлі” тақырыбында талқыға салынды. Зерттеудің негізгі нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін басылымдарда, халықаралық конференцияларда, Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда жарияланды.

Автордың жеке үлесі. Докторант төмендегі міндеттерді өз бетінше орындады:

- Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстар тақырыбы бойынша ғылыми және аналитикалық дереккөздердің, оның ішінде отандық және шетелдік зерттеулердің егжей-тегжейлі әдеби шолуын жүргізді.
- Әлеуметтік қақтығыстарды және олардың медиадағы көрінісін зерттеудің негізгі теориялық тәсілдерін Қазақстан медиакөңістігінің ерекшеліктерін ескере отырып талдады.
- БАҚ материалдарына контент-талдау жүргізіп, әлеуметтік қақтығыстар тақырыбында жазатын журналистермен сұхбаттардан алынған эмпирикалық деректерді жинақтап, өңдеді.
- Әлеуметтік қақтығыстардың әртүрлі медиаплатформаларда және шетелдік БАҚ-та қамтылуын салыстырмалы түрде талдап, олардың қоғамдық қабылдауға әсерін бағалады.

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияның құрылымын кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қосымшадан тұрады. Диссертацияға пайдаланылған дереккөздер тізімі қоса беріледі.